

## Қырғыз Республикасымен энергетикалық проблемаларды реттеу үшін ведомствоаралық жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 13 сәуірдегі N 89-ө Өкімі

Қырғыз Республикасымен энергетикалық проблемаларды реттеу мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда ведомствоаралық жұмыс тобы (бұдан әрі - жұмыс тобы) құрылсын:

Школьник Владимир Сергеевич - Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі, жетекші

Онжанов Нұрлан Баймолдаұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары, жетекшінің орынбасары

Рябцев Анатолий Дмитриевич - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы

Сұлтанғалиев Серік Сұлтанғалиұлы - "ҚазТрансГаз" акционерлік қоғамының бас директоры (келісім бойынша)

Әбітаев Есберген Әбітайұлы - "KEGOC" ашық акционерлік қоғамының вице-президенті (келісім бойынша)

Андрющенко Александр Иванович - "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамының вице-президенті (келісім бойынша)

Солюлев Александр Анатольевич - "Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамының вице-президенті (келісім бойынша)

### 2 . Ж ұ м ы с т о б ы :

2005 жылғы 18 сәуірде қырғыз тарабымен энергетика проблемаларын реттеу жөнінде келіссөздер жүргізілсін;

келіссөздер нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК